

Тарихи-мәдени кешен бой көтермек

Бұрнағы күні аймак басшысы Ерлан Арын бастиған, құрамында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары - Фарифолла Есім, Ермек Жұмабаев пен Асхат Күзеков бар ел азаматтары Баянауыл ауданында және Екібастұз ауылдық аймағында болды. Өз сапарларында Мәшһүр Жусіп Қөпейұлының және Аққөл-Жайылмадағы Исабек ишан кесенелеріне зиярат етіп, ұлылардың арағына дұға бағыштады.

Зиялы топ алдымен Ескелді топтырағындаға үлтиматыздың ірі ойшыл-философы Мәшһүр Жусіп Қөпейұлының кесенесіне ат басын тіреді. - Кереке-Баян скілді киелі даға ырыс пен ереке дарытқан - оның халқы. Сол халықты үйрыйып, ынтымаққа тәрбиелеген улы көсемдер, дарынды тұлғалар мен киелі өулиелер еді. Халық, әркез осындай даналарының көмегіне жүгінген. Сондықтан, Мәшһүр Жусіп секілді өулиелердің мазарына тәу ету - біздің халықтыымызға, тәуелсіздігімізге бас июмен тен. Егер осындай дәстүрлеріміз ұмыт болса, еліміздің болашағы баянды болады деу қыын. Мұны Елбасының Нұрсұлтан Назарбаев та үнемі айтады. Қазіргі кезде ғұламаның мұра-енбектерін зерттеумен айналысып журмін. Амандақ болса, алдағы уақытта алған асерім жайлы жүртшылықten бөлісе жатармын. Керекуге сапарымның бір мақсаты - халық ауыз әдебиетінің насиҳаттаушысы, ұлыстар мен рулардың шежіресін жинақтаушы ғұламаның кесенесіне келіп, ел ақсақалдары және азаматтармен кездесу, ой-пікір бөлісу болып табылады, - деді сенатор F.Есім.

Естерінізде болса, Мәшһүр Жусіп Қөпейұлының сәулетті кесенесі 2006 жылы бой көтерді. Содан бері ғимарат күрделі жөндеуден етіп, айналасында

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

■ Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асқаннан бері, яғни 2004-2011 жылдар аралығында елімізде 93 тарихи және мәдени ескерткіш жөндеуден етті. Сондай-ақ, шетелдердің мұрагаттарынан халықтыымыздың бұған дейін белгісіз болып келген тарихы, этнографиясы мен өнеріне қатысты 5 мыңға жуық қолжазбалар мен баспа басылымдары табылып, сатып әкелінді.

Көріктендіру жұмыстары жүргізілген еді. Мәшһүр Жусіп мұражайының ғылыми қызыметкөрі әрі кесене шырақшысы Әсset Пазыловтың айтуынша, қасиетті атанды арағына тағымы етушілер саны артада.

Қазіргі кезде мәшіұртану ғылымына деген көзқарас өзгеріп, жүрт руханиятында бет бұра бастады. Жүртшылық бұл жерге әулие атамыздың руhyна дұға бағыштау үшін келеді. Бірақ, олардың көбі ғұламаның, кім екенінен, еліне қандай қызымет атқарып, үрпақта нендей мұра қалдырығанынан бейхабар.

Аймақ басшысы Ерлан Арын Мәшһүр Жусіптің әмірі мен шығармашылығын халық арасында насиҳаттауды дамыту мақсатында Ескелдіде заманауи тарихи-мәдени кешененнің құрылсының бастау жоспарланғанын айтты. Бұл кешененнің құрамына ақынның мұражайы, кітапханасы және зиярат етушілерге арналған қонақүй кіретін болады.

Мәшһүр Жусіп мазарына тағымы ете келгендер атанды, арағына арнап дұға бағыштады. Елдің тыныштығын, халықтың берекелі болуын тіледі.

Тарихи-мәдени кешен бой көтермек

◀ Басы 1-бетте

Бұдан соң иғі жақсылар Ақкөл-Жайылмаға барып, ондағы Исабек ишан хазіреттің былтыры бой көтерген кесенесіне тәу етті. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген қанатты сөз бар. Кезінде ислам дінін дәріптел, жастарды имандылыққа, адамгершілікке баулығы, елге үлгі бола білген қасиетті бабаларды еске алып, Құран бағыштау - үрпақ парзы. Сондай жандардың бірі - Исабек ишан хазірет. Бүгінде ел арасында құрметті тұлға жайлы естеліктер мен аңыз әңгімелер аз айтылмайды.


- Бұрынны заманда мектеп, оқу деген болмады. Сол кезде Исабек ишан, басқа да қасиетті тұлғалар жастардың діні сауатын ашып, олардың бойына адамзатқа тән асыл қасиеттерді дарытуға мол үлес қосқан. Сол үшін біз осындай ұлы әулиелерге басымызды ііп, тағым етуге міндеттіміз, - дейді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Фарифола Есім.

Исабек ишан хазіреттің кесенесіне келген жамағат оның аруағына дұға бағыштап, адами қасиеті жайлы естеліктерімен белісті.

Ақкөлдік тұрғындардың айтуынша, исламның асыл мураларын насихаттап, жұртты Алла бір, Құран хақ, Мұхаммед Алланың елшісі екеніне сенуге үгіттеген Исабек ишаның басына келушілер қатары жылдан-жылға көбеюде екен.

- Былтыр демеушілердің көмегімен Исабек ишаның кесенесі салынған болатын. Ел сыйлаған әулиеге деген құрмет мұнымен ғана шектелмейді. Алдағы уақытта Исабек ишаның сүйегі жерленген Ақкөл өніріне рухани мәдениет кешені салынады деп жоспарлануда. «Әулие бабамыз жерленген киелі өлкені гүлдендері керек. Келешекте осында ишандар туралы мол деректер жинап, тәу етушілерге арнап асхана салу мәселесін қарастырамыз», - деді облыс әкімі Ерлан Мұхтарулы.

Қазіргі таңда аталған жерде екі үлкен мәселе бар. Олар - жол мәселесі және жайылма судың тапшылығы. Тұрғындармен кездескен аймақ басшысы жақында 100 млн. текше метр су жиберілгенін, алдағы уақытта жолды



Суретті түсірген Т.Нұрғазы.

жөндеу мәселесі қолға алынатының жеткізді.

Ақсақалдар жақсы істің жаршысы болып жүрген ел азаматтарына алғыс айтып, ақ баталарын берді.

Әсемгүл ҚАБДУАХИТ,
Баянауыл ауданы.
Нұржайна ШОДЫР,
Екібастұз ауылдық аймағы.